Педагогикалық кеңес хаттамасынан үзінді №1

27 тамыз 2026 жыл
Шымкент қаласы
Қатысқандар: педагогикалық кеңес мүшелері
Күн тәртібі:

1. 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспарын қарау және бекіту

Тыңдалды:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Л. С. Исабаева 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспарының жобасымен және «Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі орта білім комитеті» РММ-нің 2026 жылғы 28 тамыздағы №20-2-20-5/6071-И хатымен таныстырды.

Хат мазмұны: Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі 2026-2027 оқу жылынан бастап жалпы орта білім беру мазмұнын жетілдіру, сондай-ақ «Адал азамат» қағидаттарында айқындалған құндылықтар мен басым бағыттарды білім алушылардың бойына жүйелі түрде қалыптастыру мақсатында бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілетінін хабарлайды.

Осыған байланысты, білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, үлгілік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары оның нормаларына сәйкес келтірілді.

Қазіргі уақытта аталған өзгерістерді бекітуді көздейтін бұйрықтардың жобалары мемлекеттік органдармен келісу сатысында.

Бұйрықтар жобаларында олардың 2026 жылғы 1 қыркүйектен бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылуы көзделген.

Осыған байланысты оқу процесін ұйымдастыру барысында жұмыс жүргізу үшін «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы **№ 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы** бұйрық жобасының қосымшалары және «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі **№399 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы** бұйрық жобасының қосымшалары жолданады делінген.

Өзгерістерді назарға ала отырып, жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілері, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары, «Қазақстан

Республикасының Оқу-ағарту министрлігі орта білім комитеті» РММ-нің 2026 жылғы 28 тамыздағы №20-2-20-5/6071-И хаты негізінде әзірленгені атап өтілді.

2026 – 2027 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін төмендегі үлгілік оқу жоспарын негізге ала отырып жұмыс оқу жоспары жасалды:

1. **Бастауыш білім беру 1-4-сынып:** ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы 01.09.2026 жылғы өзгерістермен бекітілген 1,2-қосымшасына сәйкес;
2. **Негізгі орта білім беру 5-9-сынып:** ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы 01.09.2026 жылғы өзгерістермен бекітілген 6,7-қосымшасына сәйкес;
3. **Жалпы орта білім беру 10-11-сынып:** ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы 01.09.2026 жылғы өзгерістермен бекітілген 10-сыныптар бағытына қарай 103,104-қосымшасына, 11-сынып білім алушылары 10-сыныпта таңдаған оқу пәндері бойынша 15,17-қосымшасына сәйкес;

Жұмыс оқу жоспарында білім алушылардың оқу жүктемесі, оқу пәндерінің апталық және жылдық сағат саны, инвариантты және вариативтік компонент сағаттарының бөлінуі, сондай-ақ мектептің білім беру бағыты мен білім алушылардың қажеттіліктері ескерілген.

Педагогикалық кеңес мүшелері жұмыс оқу жоспарын талқылап, ұсыныстарын білдірді.

Қаулы:

1. 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары бекітілсін.
2. Жұмыс оқу жоспары оқу процесін ұйымдастыру барысында негізгі жоспарлау құжаты ретінде басшылыққа алынсын.
3. Пән мұғалімдері жұмыс оқу жоспарына сәйкес күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын әзірлеп, белгіленген тәртіппен бекітуге ұсынсын.
4. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары жұмыс оқу жоспарының орындалуына, оқу жүктемесінің сақталуына және пәндер бойынша оқу бағдарламаларының орындалуына бақылау жүргізсін.
5. Осы қаулының орындалу мерзімі: 2026–2027 оқу жылы бойы.

6. Жауапты тұлғалар: ДОІЖО: Л. С. Исабаева, әдістемелік бірлестік жетекшілері, пән мұғалімдері.

Педагогикалық кеңес төрағасы: Ы. А. Жаутиков
Хатшы: А. А. Хауспай